



aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы



aceline

**Миксер
Aceline MM-350**

Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Қол миксер — қамыр илегіш саптармен әр-алуан консистенциядағы қамырларды араластыруға, илеуге және соққылауға арналған кішігірім электр құрылғысы.

Сақтық шаралары

- Аспапты қуат көзіне жалғамас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізбен ашып бөлшектеп, жөндемеңіз. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ тұлғаға жөндету пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайлар туғызуы мүмкін.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуат сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны және қуаттау сымын балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқанда, оны сымынан емес, ашасынан тартыңыз.
- Құрылғының моторын суға батыруға, оны ағын судың астында жууға болмайды.
- Құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Миксерді жумай тұрып оның шеттерін немесе қамырға арналған саптарды жуыңыз.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.
- Құрылғыны тек осы пайдалану жөніндегі нұсқаулығында сипатталғандай ретпен пайдаланыңыз. Дұрыс емес пайдалану жарақатқа әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:


- Алғашқы қолданар алдында миксердің тамақпен тікелей байланыста болатын барлық бөліктерін жуыңыз. Миксерді жуу бойынша пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелерін сақтаңыз.
- Жарақаттануды, өрттің пайда болуын және электр тогының соғуын болдырмау үшін өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.
- Во избежание порчи блока двигателя не используйте миксер для смешивания твёрдых ингредиентов (например, замороженного масла).

- Қозғалтқыш блогының бүлінуіне жол бермеу үшін қатты ингредиенттерді (мысалы, мұздатылған май) араластыру үшін миксерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін жылдамдық реттегішін «0» күйіне келтіріп бұраңыз.
- Құрылғыны өшіргеннен кейін, қондырмаларды алып тастамас бұрын немесе миксерді тазаламас бұрын әрқашан айналмалы бөліктердің толық тоқтауын күтіңіз.
- Құрылғыны құрау, бөлшектеу, жуу, компоненттерді ауыстыру және миксердің айналмалы бөліктерімен байланыста болған жиынтықтамаларын ауыстыру алыднада құрлығыны өшіріңіз және ашасын озеткадан ажыратыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: ММ-350.
- Қуат көзі: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 350 Вт.
- Жылдамдықтар саны: 3.
- Корпусының материалы: пластик.
- Ұштықтарының саны: 2.

Құрылғының сұлбасы



1. Жылдамдықтарды ауыстырғыш.
2. Корпус.
3. Көпіртуге арналған желектер.
4. Қамырды илеуге арналған саптар.
5. Саптамаларды ағытатын батырма.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Желектерді немесе саптарды арнайы арналған ұяшықтарға орнықтырыңыз.
2. Желектерді немесе саптарды араластыруға арналған массаға батырыңыз.
3. Аспапты іске қосыңыз да қажетті жылдамдықты орнатыңыз.

Жылдамдық	Сипаттамасы
1	Жұмысты бастау және аяқтау, құрғақ және сұйық ингредиенттерді араластыру, сондай-ақ жұмыртқаны, кремді шайқау үшін қолайлы.
2	Одан әрі араластыруға және көпіруге арналып қолданылады.
3	Десерттер, тұздықтар, картоп пюресі, қамыр илеу үшін қолайлы.

ЕСКЕРТУ: қызып кетудің алдын алу үшін 3-ші жылдамдықта үздіксіз жұмыстың максималды циклі 1 минуттан аспауы керек.

4. Барлық қажетті деген нәтижелерге қол жеткізген соң аспапты сөндіріп қойыңыз.

ЕСКЕРТУ: масса жан-жаққа шашырамауы үшін желектер мен саптардың толығымен батырып барып миксерді қосыңыз.

Тазалау және күтім жасау

1. Тазалау алдында жылдамдық ауыстырғышын «0» күйіне орнатыңыз және құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
2. Желектер мен ілгектерді алу үшін саптамаларды ажырату батырмасын басыңыз.
3. Желектер мен саптарды жұмсақ жуғыш затпен әрі жұмсақ жекемен жуып, шүберекпен барынша құрғатыңыз.
4. Миксердің корпусын дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

ЕСКЕРТУ: электр тогының соғуын және аспаптың бүлінуін болдырмау үшін мотор бөлігін суға немесе өзге де сұйықтықтарға батырмаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжуншань Чаньсинь Электрикал Эпплайнсиз Ко., Лтд.
№5, Чжие тас жолы, Хэтай өнеркәсіптік аймағы, Дунфэн, Чжуншань қ.,
Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

EAC
v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



